

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қазандағы N 1082 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 1, 17-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспеде "Заңының" деген сөз "Заңын" деген сөзбен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеудің ережесінде:

мәтіндегі "Мемлекеттік кеме тізілімінде", "Мемлекеттік кеме тізіліміне", "Мемлекеттік кеме тізілімінен", "Мемлекеттік кеме тізілімінің", "Мемлекеттік кеме тізіліміндегі", "Мемлекеттік кеме тізілімін", "Мемлекеттік кеме тізілімі" деген сөздер тиісінше "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміне", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінің", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміндегі", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімін", "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

ж е т і н ш і а б з а ц т а :

"аралас (өзен-теңіз)" деген сөздер алынып тасталсын;
"жүзетін кеме" деген сөздің алдынан "өзен-теңіз суларында" деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өзен-теңіз" суларында жүзетін кеме - өзінің техникалық сипаттамалары бойынша жарамды әрі белгіленген тәртіппен теңіз және ішкі су жолдарында кеме қатынасы мақсатында пайдалануға рұқсат етілген кеме;"

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"кеме ипотекасы - мемлекеттік тіркелуге жататын теңіз кемесінің, ішкі суда жүзетін кемесінің, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемесінің, сондай-ақ жасалынып жатқан кемесінің тиісті тізілімде тіркелген шарт негізінде туындайтын ипотекасы;

қазақстандық жалдаушы - жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау немесе сауда мақсатында теңізде жүзудің өзге де мақсаттары үшін белгілі бір мерзімге кеме немесе бірнеше кеме берілетін және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келетін жалдау шартының тарабы.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кемесі мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін, сондай-ақ кемесі мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын алу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады .

Кемесі немесе жасалынып жатқан кемесі ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады . " ;

7-тармақтағы "органнан" деген сөз "органның" деген сөзбен, "рұқсат" деген сөз "шешімін" деген сөзбен ауыстырылсын;

12 - тармақта :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кемесі бербоут-чартерлік шарттарда пайдаланатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген кез келген азамат немесе заңды тұлға мұндай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылданған күннен бастап отыз күннің ішінде оны бербоут-чартерлік тізілімде тіркейді . " ;

алтыншы абзацтағы "кемесі" деген сөз "теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацтағы "растайтын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ кемесі ипотека ауыртпалығы туралы мәліметтерден тұратын" деген сөздермен толықтырылсын ;

19-тармақтағы "кемесінің" деген сөз "теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтағы "уәкілетті органның шешімі негізінде" деген сөздерден кейін " әр екі жыл сайын одан әрі ұзарту құқығымен екі жылдан аспайтын, бірақ бербоут-чартердің қолданылу мерзімінен артық емес мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын ;

27-тармақтағы "рұқсатында" деген сөз "шешімінде" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 9 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кемеге меншік құқығын растайтын құжат;"

2) тармақшадағы "бұл мемлекеттің тізілімінен шығарылғанын" деген сөздерден кейін "және ипотека ауыртпалығы жоқтығын" деген сөздермен толықтырылсын ;

30-тармақ алынып тасталсын ;

35-тармақтағы "18" деген сандар "18-1" деген сандармен ауыстырылсын;

36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Кемені мемлекеттік қайта тіркеуді ресімдеу үшін порттың теңіз әкімшілігіне мынадай құжаттарды қоса бере отырып, кеме тізілімінің сауалнамасын қамтитын кемені мемлекеттік қайта тіркеу туралы өтінішті ұсыну қ а ж е т :

кемеге меншік құқығын растайтын құжат;
өлшем куәлігі ;

қайта тіркеу кезінде теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелердің мемлекеттік тіркелгені үшін бюджетке алым сомасының төленгендігін растайтын құжат;

біліктілік куәлігі ;

жолаушы куәлігі (жолаушылар кемесі үшін);

жүзуге жарамдылығы туралы куәлік.

Кемені мемлекеттік қайта тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Ереженің 13-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

37. Кемелерді мемлекеттік қайта тіркеу осы Ереженің 14-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады." ;

мынадай мазмұндағы 37-1, 37-2, 37-3, 37-4, 37-5, 37-6, 37-7, 37-8, 37-9, 37-10, 37-11, 37-12, 37-13-тармақтармен толықтырылсын:

"37-1. Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 211 және 212-баптарына сәйкес порттың теңіз әкімшілігі тіркейді.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Ереженің 13-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес к е л у і т и і с .

37-2. Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (7-1-қосымша) берумен расталады және осы Ереженің 14-

тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

37-3. Кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжатты жоғалтқан жағдайда порттың теңіз әкімшілігі кеме иесінің өтініші бойынша оған кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын береді.

Кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру туралы өтінішпен бірге порттың теңіз әкімшілігіне кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын берген кезде теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелердің мемлекеттік тіркелгені үшін алым сомасының бюджетке төленгендігін растайтын құжат ұсынылады.

37-4. Кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасының берілгендігі туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

Кеменің мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру осы Ереженің 14-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

37-5. Порттың теңіз әкімшілігі Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан мынадай кемені шығарады:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта жасау немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;
- 4) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған

37-6. Зақымдалған кеме, егер:

- 1) кемені тұрған жерінде не кеме жеткізілуі мүмкін кез келген басқа жерде қалпына келтіру мүмкін болмаса;
- 2) кемені жөндеу экономикалық тұрғыдан орынсыз болса конструкциялық жағынан күйреген деп саналады.

37-7. Осы Ереженің 37-5-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығаруды порттың теңіз әкімшілігі кеме иесінің өтініші негізінде жүргізеді. Өтінішке онда баяндалған фактілерді растайтын құжаттар, сондай-ақ кемені мемлекеттік тіркеу кезінде берілген куәліктер қоса беріледі.

37-8. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған кемені Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеменің кеме кітабынан шығаруды порттың теңіз әкімшілігі кеме иесінің (шарттың тараптары) құқық белгілейтін құжаттарды қоса берген өтініші негізінде жүргізеді.

37-9. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, кеме кітабында немесе

жасалынып жатқан кемелер тізілімінде кеме немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы тиісінше тіркелген порттың теңіз әкімшілігі кепіл ұстаушылар өз мүдделерін қорғау үшін тиісті шаралар қолдануы үшін кепіл ұстаушыға кемең немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығының тиісті тізілімнен шығарылатыны туралы хабарлама жібереді. Олардың келісімі алынбаған кезде кеме немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы кепіл ұстаушыларға хабарланғаннан кейін үш ай өткен соң тиісті тізілімнен шығарылады.

37-10. Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен, кеме кітабынан немесе жасалынып жатқан кемелер тізілімінен шығару, егер кемең барлық тіркелген ипотекалары алдын ала қанағаттандырылған немесе барлық кепілге ұстаушылардың жазбаша келісімі алынған жағдайда ғана жүргізіледі.

37-11. Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органы кемеңі шетел азаматына немесе шетелдік заңды тұлғаға мәжбүрлеп сатқан кезде Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен, кеме кітабынан немесе жасалынып жатқан кемелер тізілімінен шығару көрсетілген орган кемеңі немесе жасалынып жатқан кемеңі сатылғанын және сатып алушының өзі қабылдағандарын қоспағанда, ешқандай ипотекалар ауыртпалығы болмағанын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүргізіледі.

37-12. Осы Ереженің 37-5, 37-6, 37-7-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кемеңі немесе жасалынып жатқан кемеге құқықтарды тиісті тізілімнен шығару өтініш берілген күннен бастап жеті күн ішінде жүргізіледі. Порттың теңіз әкімшілігі тиісті тізілімге шығару туралы жазба енгізеді және кемеңі Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен, кеме кітабынан немесе жасалынып жатқан кемелер тізілімінен шығарылғаны туралы куәлік (7-2-қосымша) береді.

37-13. Кемеңі экипажсыз (бербоут-чартер) жалдау шарты бойынша қазақстандық жалдаушыға пайдалануға және иелік етуге берілген шетел кемесі мынадай жағдайда бербоут-чартерлік тізілімнен шығарылады:

- 1) бербоут-чартерлік шарттың қолданылуы тоқтаған;
- 2) кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі аяқталған;
- 3) уәкілетті органның кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы шешімінің күші жойылған.

Бербоут-чартерлік тізілімде тіркелген шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі өткенге дейінгі бір айдың ішінде порттың теңіз әкімшілігі қазақстандық жалдаушыға тиісті хабарлама жібереді.

Қазақстандық жалдаушы кеме бербоут-чартерлік тізілімге енгізілген порттың теңіз әкімшілігіне тиісті куәлікті қайтарады.";

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

"40-1. Жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы кильдің салынуы немесе сарапшының қорытындысымен расталған тең бағалы құрылыс жұмыстарының жүргізілуі шартымен жасалынып жатқан кемелер тізілімінде тіркелуі мүмкін.";

41-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кемені жасалынып жатқан кемелердің тізіліміне енгізу жасалынып жатқан кемеге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (9-1-қосымша) берумен к у ә л а н д ы р ы л а д ы . " ;

4 3 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген кеме "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 11-тармағына сәйкес мұндай кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жалға алынған шетел кемелері тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жатады.";

а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"аралас (теңіз-өзен) жүзген" деген сөздер алынып тасталсын;

"кемелер" деген сөздің алдынан "өзен-теңіз" суларында жүзетін" деген с о з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

о н а л т ы н ш ы а б з а ц м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"Жасалынып жатқан кемеге құқықтарды мемлекеттік тіркеу құқық иеленушінің немесе онда кеменің жасалуы фактісін растайтын құжаттар, атап а й т қ а н д а :

к е м е н і ж а с а у ғ а а р н а л ғ а н ш а р т ;

киль салынғаны туралы кеме жасаушы ұйымның жазбаша растауы немесе тең бағалы құрылыс жұмыстары жүргізілгенін растайтын сарапшының қорытындысы қоса беріле отырып, тиісті үлгіде ресімделген сенімхаттың болуы шартымен ол (олар) өкілеттік берген тұлғаның өтініші негізінде жүргізіледі.

Кемелерді және оған құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде, жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде, жасалынып жатқан кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу кезінде осы Ереженің 41-тармағында көрсетілген құжаттар оларға тиісті тіркеу нөмірлері қойыла отырып беріледі.";

45-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 45-1, 45-2, 45-3, 45-4, 45-5, 45-6, 45-7, 45-8, 45-9, 45-10, 45-11-тармақтармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"45-1. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден, егер:

1) мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен тиісті емес тұлға жүгінген;

2) осы Ережеде көзделген талаптар сақталмаған;

3) мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда бас тартылуы м ү м к і н .

Бас тартылғаны туралы кемені мемлекеттік тіркеуге ұсынған кеме иесіне бас тартудың негіздемесі көрсетіле отырып, жазбаша түрде хабарланады.

45-2. Кемені мемлекеттік тіркеу орны кеменің меншік иесінің кеме мемлекеттік тіркеуде тұрған аумақтық уәкілетті органға және кеме жаңадан мемлекеттік тіркелген орынның аумақтық уәкілетті органына жіберетін өтініші (е р к і н н ы с а н д а ғ ы) н е г і з і н д е өзгертілуі мүмкін.

45-3. Кеменің мемлекеттік тіркеу орны өзгерген жағдайда кеменің бұрын мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органы кеме жаңадан мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органына кеме ісін жібереді, бұл туралы Мемлекеттік кеме тізілімінің "Ескертпе" деген бағанына тиісті жазба е н г і з і л е д і .

Кеменің мемлекеттік тіркеу орнын алдағы уақытта өзгерту туралы кеменің меншік иесі тіркелген ипотеканың немесе кеменің осындай сипаттағы өзге ауыртпалықтарының кепіл ұстаушысына хабарлайды.

45-4. Кеме ісін алған аумақтық уәкілетті орган кемеге жаңа реттік тіркеу нөмірін береді және кеме бұрынғы мемлекеттік тіркелген орында жүргізілген Мемлекеттік кеме тізілімінде қамтылған барлық мәліметтерді осы Ережеге сәйкес кеменің жаңадан мемлекеттік тіркеген орнында жүргізілетін Мемлекеттік к е м е т і з і л і м і н е е н г і з е д і .

Кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органы бұрынғы мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органына кемені тіркеу рәсімінің аяқталғаны туралы хабарлайды. Кеменің бұрынғы мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органы осы хабарды алысымен кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнын және жаңа реттік тіркеу нөмірін көрсете отырып, Мемлекеттік кеме тізіліміне жазба енгізеді.

45-5. Кеменің мемлекеттік тіркелген орнын өзгерту туралы өтінішпен бірге кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген аумақтық уәкілетті органына теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгендігін растайтын құжат ұсынылады.

45-6. Егер кеме оқиға немесе кез келген басқа себеп салдарынан Мемлекеттік кеме тізіліміне бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалса, кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүзуге жарамдылығы куәландырылғаннан және ол туралы куәлік алынғаннан кейін жүргізілуі мүмкін.

45-7. Кемені мемлекеттік қайта тіркеуді ресімдеу үшін аумақтық уәкілетті органға "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, кеме тізілімі сауалнамасын қамтитын кемені мемлекеттік қайта тіркеу туралы өтініш беру

қ а ж е т .

Кемелерді мемлекеттік қайта тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Ереженің 44-тармағының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

45-8. Кемелерді мемлекеттік қайта тіркеу осы Ереженің 45-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

45-9. Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын аумақтық уәкілетті орган сол кеме тіркелген тізілімге тіркейді.

Жасалынып жатқан кеменің ипотекасы жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы тіркелген жасалынып жатқан кемелердің тізілімінде тіркеледі.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 7 және 11-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық берілген шетел кемесінің ипотекасы, сондай-ақ шетел алушысы үшін жасалынып жатқан кеменің ипотекасы Қазақстан Республикасында тіркелмейді.

45-10. Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасы кемеге немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін кепілге берушінің өтініші негізінде тіркеледі.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтініште мыналар көрсетіледі:

1) кеменің (кеменің атауы, тіркеу нөмірі, тіркелген орны, тіркелім нөмірі, үлгісі және сыныбы, кеменің тоннажы) немесе жасалынып жатқан кеменің (кемені жасау жүзеге асырылып жатқан орын, жасау нөмірі, кеменің үлгісі, килінің ұзындығы және басқа негізгі өлшемдері, тіркелім нөмірі) сәйкестендіру деректері;

2) ипотекаға кепіл берушінің аты мен мекен-жайы;

3) ипотекаға кепіл ұстаушының аты мен мекен-жайы немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер;

4) екі немесе одан да көп кемелерге не жасалынып жатқан кемелерге ипотека белгілегенде ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттеменің ең жоғары мөлшері - тараптардың ол туралы келісімі болған жағдайда, міндеттемені жеке алғанда әрбір кеме қамтамасыз ететін мөлшер;

5) кеменің немесе жасалынып жатқан кеме ипотекасының аяқталу күні.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасы туралы шарт мұндай шартта көрсетілген құжаттармен қоса беріледі.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш алынған күнге тіркеледі.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттар осы Ереженің 44-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс

45-11. Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер кіріс құжаттарын есепке алу кітабына және осы кеме тіркелген тиісті тізілімге енгізіледі.

Кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеген кезде бұл туралы кеме құжаттарына қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (10-1-қосымша) берумен куәландырылады және осы Ереженің 45-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

46-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 56-1, 56-2, 56-3, 56-4, 56-5, 56-6-тармақтармен толықтырылсын:

"56-1. Аумақтық уәкілетті орган Мемлекеттік кеме тізілімінен мынадай кемені шығарды:

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта жасау немесе кез келген басқа өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;

4) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған.

56-2. Зақымдалған кеме осы Ереженің 37-6-тармағының талаптарына сәйкес келгенде конструкциялық жағынан күйреген деп саналады.

56-3. Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару кеменің меншік иесінің өтініші негізінде жүргізіледі. Өтінішке онда баяндалған фактілерді растайтын құжаттар, сондай-ақ құқық белгілейтін құжаттармен бірге өзен кемесін мемлекеттік тіркеу кезінде берілген куәліктер қоса беріледі.

56-4. Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе жасалынып жатқан кемелер тізілімінде кеме немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы тиісінше тіркелген аумақтық уәкілетті орган кепіл ұстаушылар өз мүдделерін қорғауға тиісті шаралар қолдануы үшін кепіл ұстаушыға кеменің немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығының тиісті тізілімнен алдағы уақытта шығарылатыны туралы хабарлама жібереді. Олардың келісімі алынбаған жағдайда кеме немесе жасалынып жатқан кемеге меншік құқығы кепіл ұстаушыларға хабарланғаннан кейін үш ай өткен соң тиісті тізілімнен шығарылады.

56-5. Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе жасалынып жатқан кемелер тізілімінен шығару, егер кеменің барлық тіркелген ипотекалары алдын ала қанағаттандырылған немесе барлық кепіл ұстаушылардың жазбаша келісімі

алынған жағдайда ғана жүргізіледі.

Аумақтық уәкілетті орган тиісті тізілімге шығару туралы жазба енгізеді және Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе жасалынып жатқан кемелер тізілімінен шығарылғандығы туралы куәлік (11-1-қосымша) береді.

56-6. Кемені экипажсыз (бербоут-чартер) жалдау шартымен қазақстандық жалға алушыға пайдалануға және иелік етуге берілген шетел кемесі мынадай жағдайда жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінен шығарылады:

1) кемені жалға алу шартының (бербоут-чартердің) қолданылуы тоқтаған;
2) кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі аяқталған;

3) уәкілетті органның кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы шешімінің күші жойылған.

Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде тіркелген шетел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру мерзімі өткенге дейінгі бір айдың ішінде аумақтық уәкілетті орган қазақстандық жалға алушыға тиісті хабарлама жібереді.

Қазақстандық жалға алушы кеме жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне енгізілген аумақтық уәкілетті органға тиісті куәлікті қайтарады.";

мынадай мазмұндағы 63-1, 63-2, 63-3, 63-4, 63-5, 63-6, 63-7, 63-8-тармақтармен толықтырылсын:

"63-1. "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда шағын өлшемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

Бас тарту туралы шағын өлшемді кемені мемлекеттік тіркеуге ұсынған кеме иесіне бас тартудың негіздемесі көрсетіле отырып жазбаша түрде хабарланады.

63-2. Шағын өлшемді кемені мемлекеттік тіркеу орны шағын өлшемді кеменің меншік иесінің шағын өлшемді кеме мемлекеттік тіркеуде тұрған аумақтық уәкілетті органға және шағын өлшемді кеме жаңадан мемлекеттік тіркелген орынның аумақтық уәкілетті органына жіберілетін өтініші (еркін нысандағы) негізінде өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте шағын өлшемді кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органына жіберілетін өтініште шағын өлшемді кеменің ауыртпалығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Шағын өлшемді кеменің мемлекеттік тіркеу орны өзгерген кезде шағын өлшемді кеме бұрын мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органы шағын өлшемді кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органына шағын өлшемді кеменің ауыртпалығы туралы ақпаратты көрсете отырып, тіркеу карточкасын береді. Шағын өлшемді кеменің мемлекеттік тіркеу орнын алдағы уақытта өзгерту туралы шағын өлшемді

кеменің меншік иесі тіркелген ипотеканың немесе шағын өлшемді кеменің осындай сипаттағы өзге де ауыртпалықтарының кепіл ұстаушысына хабарлайды.

63-3. Кеме ісін алған аумақтық уәкілетті орган шағын өлшемді кемеге жаңа реттік тіркеу нөмірін береді және шағын өлшемді кеме бұрын мемлекеттік тіркелген орында жүргізілген кеме кітабында қамтылған барлық мәліметтерді осы Ережеге сәйкес шағын өлшемді кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнында жүргізілетін кеме кітабына енгізеді.

63-4. Шағын өлшемді кеменің мемлекеттік тіркелген орнын өзгерту туралы өтінішпен бірге шағын өлшемді кеменің жаңадан мемлекеттік тіркелген орнының аумақтық уәкілетті органын теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын қ ұ ж а т ұ с ы н ы л а д ы .

63-5. Егер кеме оқиғаның немесе кез келген басқа себептің салдарынан шағын өлшемді кеме кеме кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалған жағдайда шағын өлшемді кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілуі м ү м к і н .

63-6. Шағын өлшемді кемені мемлекеттік қайта тіркеу үшін аумақтық уәкілетті органға осы Ереженің 66-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, шағын өлшемді кемені мемлекеттік қайта тіркеу туралы өтініш беру қ а ж е т .

63-7. Шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік қайта тіркеу осы Ереженің 63-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

63-8. Шағын өлшемді кеменің ипотекасын аумақтық уәкілетті орган шағын өлшемді кемеге меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін кепіл берушінің өтініші негізінде шағын өлшемді кеме тіркелген кеме кітабында тіркейді.

Шағын өлшемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтініште м ы н а л а р к ө р с е т і л у і т и і с :

- 1) ипотекаға кепіл берушінің аты мен мекен-жайы;
- 2) ипотекаға кепіл ұстаушының аты мен мекен-жайы немесе оның ұсынушыға белгіленгені туралы мәліметтер;
- 3) екі немесе одан да көп шағын өлшемді кемелерге ипотека белгілегенде ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттеменің ең жоғары мөлшері - тараптардың ол туралы келісімі болған жағдайда, міндеттемені жеке алғанда әрбір шағын өлшемді кеме қамтамасыз ететін мөлшер;
- 4) шағын өлшемді кеме ипотекасының аяқталу күні.

Шағын өлшемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке шағын өлшемді кеменің ипотекасы туралы шарт осындай шартта көрсетілген құ ж а т т а р м е н қ о с а б е р і л е д і .

Шағын өлшемді кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш
алынған күні тіркеледі.

Шағын өлшемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл туралы
кеме құжаттарына қандай да бір жазбалар енгізу талап етілмейді.

Шағын өлшемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу шағын өлшемді
кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (10-2-қосымша) берумен
куәландырылады.

Шағын өлшемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан
Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым өндіріп
алынады. " ;

64-тармақтағы "Кемелер" деген сөздер "Шағын өлшемді кемелер" деген
сөздермен ауыстырылсын ;

66-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"теңіз, өзен және шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін
бюджетке алым сомасы төленгенін растайтын құжатты;" ;

68-тармақтың 10) тармақшасында мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз
қалады ;

70-тармақтағы "Тіркеу нөмірі" деген сөздерден кейін "шағын өлшемді" деген
сөздермен толықтырылсын ;

71-тармақтағы "кемелерді", "кемені" деген сөздер тиісінше "шағын өлшемді
кемелерді", "шағын өлшемді кемені" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1 және 2-қосымшалардың мәтінінде "Мемлекеттік кеме тізіліміне" деген
сөздер "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізіліміне" деген сөздермен
ауыстырылсын ;

осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес 7-1, 7-2, 9-1, 10-1, 10-2
және 11-1-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 қазандағы
N 1082 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы

Приложение 1
к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 28 октября 2005 года N 1082

Приложение 7-1
к Правилам государственной
регистрации судов и прав на них,

№ 49 қаулысымен бекітілген
Кемелер мен оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу ережесіне
7-1-қосымша

утвержденным постановлением
Правительства Республики Казахстан
от 17 января 2003 года № 49

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

**КЕМЕНІҢ НЕМЕСЕ ЖАСАЛЫНЫП ЖАТҚАН КЕМЕНІҢ
И П О Т Е К А С Ы Н**

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ
К У Ә Л І К**

**С В И Д Е Т Е Л Ь С Т В О
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ИПОТЕКИ СУДНА ИЛИ
СТРОЯЩЕГОСЯ СУДНА**

от "___" _____ 2___ жылғы "___" _____ №___
от "___" _____ 2___ года №___
2___ жылғы "___" _____ №___

Теңіз кемелерінің
мемлекеттік кеме тізіліміне, Кеме кітабына немесе Жасалынып
жатқан кемелер тізіліміне (керегінің астын сызу) енгізілген
деректердің негізінде осымен кеме немесе жасалынып жатқан
кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу куәландырылады

На основании данных, внесенных в Государственный судовой
реестр морских судов, Судовую книгу или Реестр строящихся судов
(нужное подчеркнуть) под № от "___" _____ 2___ г., настоящим
удостоверяется государственная регистрация ипотеки судна

(кеменің атауы) (наименование судна)
или _____ строящегося _____ судна.

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасы затының
с и п а т т а м а с ы

Описание предмета ипотеки судна или строящегося судна

(кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасы шартының
д е р е к т е м е л е р і)
(реквизиты договора ипотеки судна или строящегося судна)

Кепіл беруші _____
Залогодатель _____ (басқару органының атауы, орналасқан жері,

(наименование, место нахождения, адрес органа

мекен-жайы (заңды тұлғалар үшін); тегі, аты, әкесінің аты,
управления (для юридических лиц); фамилия, имя, отчество,

азаматтығы, толық мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін),
гражданство, полный адрес (для физических лиц),

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
а также телефон, факс, телекс, электронная почта)

Кепіл ұстаушы

Залогодержатель (басқару органының атауы, орналасқан жері,
(наименование, место нахождения, адрес органа

мекен-жайы (заңды тұлғалар үшін); тегі, аты, әкесінің аты,
управления (для юридических лиц); фамилия, имя, отчество,

азаматтығы, толық мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін),
гражданство, полный адрес (для физических лиц), а также

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
телефон, факс, телекс, электронная почта)

Кеменің немесе жасалынып жатқан кеменің ипотекасымен
қамтамасыз етілген міндеттеменің ең көп мөлшері

Максимальный размер обязательства обеспеченный ипотекой
судна или строящегося судна

Кеме немесе жасалынып жатқан кеме ипотекасының
аяқталу күні

Дата окончания ипотеки судна или строящегося судна

Ерекше белгілер

Особые отметки

Кеме туралы мәліметтер

Сведения о судне

1. Кеменің үлгісі және мақсаты _____

Тип и назначение судна _____

2. Тіркеу порты _____

Порт регистрации _____

3. Жасалған орны мен уақыты _____

Место и время постройки _____

4. Б а с т ы м ө л ш е р л е р :

Г л а в н ы е р а з м е р е н и я :

Ұзындығы _____

Д л и н а

Ені _____

Ш и р и н а

Бортының биіктігі _____

В ы с о т а б о р т а

5. Сыйымдылығы _____

В м е с т и м о с т ь :

Жалпы _____ Таза _____

Валовая Чистая

Жасалынып жатқан кеме туралы мәліметтер

Сведения о строящемся судне

1. Жасалу орны _____

М е с т о с т р о и т е л ь с т в а

2. Кеме жасайтын ұйымның атауы _____

Наименование судостроительной организации

3. Жасалу нөмірі _____

П о с т р о е ч н ы й н о м е р

4. Тіркеу порты _____

П о р т р е г и с т р а ц и и

5. Кеменің үлгісі _____

Т и п с у д н а

6. Кильдің ұзындығы және кеме туралы басқа да негізгі техникалық
д е р е к т е р

Длина килы и другие основные технические данные о судне

Теңіз портының капитаны _____

Капитан морского порта (аты-жөні) (Ф.И.О.)

Қ о л ы _____

Подпись

М ө р і
П е ч а т ь

Сериясы хх N xxxxxxxx
С е р и я

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 қазандағы
N 1082 қаулысына
2-қосымша

Приложение 2
к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 28 октября 2005 года N 1082

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
N 49 қаулысымен бекітілген
Кемелер мен оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу ережесіне
7-2-қосымша

Приложение 7-2
к Правилам государственной
регистрации судов и прав на них,
утвержденным постановлением
Правительства Республики Казахстан
от 17 января 2003 года N 49

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

КЕМЕНІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕҢІЗ КЕМЕЛЕРІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК КЕМЕ ТІЗІЛІМІНЕН, КЕМЕ КІТАБЫНАН НЕМЕСЕ
ЖАСАЛЫНЫП ЖАТҚАН КЕМЕЛЕР ТІЗІЛІМІНЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО ОБ ИСКЛЮЧЕНИИ СУДНА ИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОГО
СУДОВОГО РЕЕСТРА МОРСКИХ СУДОВ, СУДОВОЙ КНИГИ ИЛИ
РЕЕСТРА СТРОЯЩИХСЯ СУДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

О с ы м е н , к е м е н і н

Настоящим подтверждается, что судно

1. Атауы _____

Н а з в а н и е

2. Мемлекеттік тіркеу порты _____

Порт государственной регистрации

3. Тіркеу нөмірі _____

Регистрационный номер

4. Мемлекеттік тіркелген күні _____

Дата государственной регистрации

5. Кеменің үлгісі _____

Т и п с у д н а

6. Жасалған орны мен уақыты _____
М е с т о и в р е м я п о с т р о й к и
7. Ұзындығы _____
Д л и н а
8. Ені _____
Ш и р и н а
9. Биіктігі _____
В ы с о т а
10. Меншік иесі және оның мекен-жайы _____
С о б с т в е н н и к и е г о а д р е с

барлық тіркеген құқықтар мен ауыртпалықтар тоқтатыла отырып, Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінен, Кеме кітабынан немесе Жасалынып жатқан кемелер тізілімінен (керегінің астын сызу) шығарылғандығы расталады.

исключено из Государственного судового реестра морских судов, Судовой книги или Реестра строящихся судов (нужное подчеркнуть) с прекращением всех зарегистрированных прав и обременений.

Теңіз портының капитаны _____
Капитан морского порта (аты-жөні) (Ф.И.О.)

Қолы _____
Подпись

М ө р і

Печать

Күні _____

Сериясы хх N xxxxxxxx

Серия

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 28 қазандағы
N 1082 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
N 49 қаулысымен бекітілген

Приложение 3
к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 28 октября 2005 года N 1082

Приложение 9-1
к Правилам государственной
регистрации судов и прав на них,
утвержденным постановлением

Кемелер мен оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу ережесіне
9-1-қосымша

Правительства Республики Казахстан
от 17 января 2003 года N 49

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

**ЖАСАЛЫНЫП ЖАТҚАН КЕМЕГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ**

КУӘЛІК

**С В И Д Е Т Е Л Ь С Т В О
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ПРАВ НА СТРОЯЩЕЕСЯ
СУДНО**

2____ жылғы "____" _____ N ____
от "____" _____ 2____ года N ____
Жасалып жатқан кемелер тізіліміне 2____ жылғы "____" _____
N ____ енгізілген деректер негізінде осымен кеме

(меншік иесінің атауы, олардың негізінде құқық тіркелген

құжаттардың деректемелері)
тиесілі

На основании данных, внесенных в Реестр строящихся судов
под N ____ от "____" _____ 2____ г., настоящим удостоверяется, что
судно принадлежит _____

(наименование собственника, реквизиты документов,

на основании которых зарегистрировано право)

Жасалынып жатқан кеме туралы мәліметтер
Сведения о строящемся судне

1. Жасалу орны _____
М е с т о _____ с т р о и т е л ь с т в а
2. Кеме жасайтын ұйымның атауы _____
Наименование _____ судостроительной _____ организации
3. Жасалу нөмірі _____
П о с т р о е ч н ы й _____ н о м е р
4. Тіркеу орны _____
М е с т о _____ р е г и с т р а ц и и
5. Кеменің үлгісі _____

Т и п

с у д н а

6. Кильдің ұзындығы және кеме туралы басқа да негізгі техникалық деректер

Длина килы и другие основные технические данные о судне

7. Корпустың басты материалы

Главный материал корпуса

Облыс бойынша Көліктік бақылау басқармасының бастығы

Начальник

Управления

транспортного

контроля по области

(аты-жөні) (Ф.И.О.)

Қ о л ы

Подпись

М ө р і

П е ч а т ь

Сериясы хх N xxxxxxxx

Серия

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 28 қазандағы

N 1082 қаулысына

4-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 17 қаңтардағы

N 49 қаулысымен бекітілген

Кемелер мен оларға құқықтарды

мемлекеттік тіркеу ережесіне

10-1-қосымша

Приложение 4

к постановлению Правительства

Республики Казахстан

от 28 октября 2005 года N 1082

Приложение 10-1

к Правилам государственной

регистрации судов и прав на них,

утвержденным постановлением

Правительства Республики Казахстан

от 17 января 2003 года N 49

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

**КЕМЕҢІҢ НЕМЕСЕ ЖАСАЛЫНЫП ЖАТҚАН КЕМЕҢІҢ
ИПОТЕКАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК**

**С В И Д Е Т Е Л Ь С Т В О
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ИПОТЕКИ СУДНА ИЛИ
СТРОЯЩЕГОСЯ СУДНА**

2____ жылғы "____" _____ N _____
от "____" _____ 2____ года N _____

Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе Жасалынып жатқан кемелер тізіліміне (керегінің астын сызу) 2____ жылғы "____" _____ N _____ енгізілген деректер негізінде осымен кемеңің немесе жасалынып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу к у ә л а н д ы р ы л а д ы

На основании данных, внесенных в Государственный судовой реестр или Реестр строящихся судов (нужное подчеркнуть) под N____ от "____" _____ 2____ г., настоящим удостоверяется государственная регистрация ипотеки судна

(кемеңің атауы) (наименование судна)
или строящегося судна.

Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы затының с и п а т т а м а с ы

Описание предмета ипотеки судна или строящегося судна

(кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы шартының деректемелері)
(реквизиты договора ипотеки судна или строящегося судна)

Кепіл беруші _____

Залогодатель (басқару органының атауы, орналасқан жері,
(наименование, место нахождения, адрес органа

мекен-жайы (заңды тұлғалар үшін); тегі, аты, әкесінің аты, управления (для юридических лиц); фамилия, имя, отчество,

азаматтығы, толық мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін), гражданство, полный адрес (для физических лиц), а также

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
телефон, факс, телекс, электронная почта)

Кепіл ұстаушы _____

Залогодержатель (басқару органының атауы, орналасқан жері,
(наименование, место нахождения, адрес органа

мекен-жайы (заңды тұлғалар үшін); тегі, аты, әкесінің аты,
управления (для юридических лиц); фамилия, имя, отчество,

азаматтығы, толық мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін),
гражданство, полный адрес (для физических лиц), а также

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
телефон, факс, телекс, электронная почта)

Кеме немесе жасалынып жатқан кемеің ипотекасымен
қамтамасыз етілген міндеттеменің ең көп мөлшері

Максимальный размер обязательства обеспеченный ипотекой
судна или строящегося судна _____

Кеме немесе жасалынып жатқан кеме ипотекасының
аяқталу күні _____

Дата окончания ипотеки судна или строящегося судна _____

Ерекше белгілер _____

Особые отметки _____

Кеме туралы мәліметтер

Сведения о судне

1. Кемеің үлгісі және мақсаты _____

Тип и назначение судна _____

2. Тіркеу орны _____

Мест регистрации _____

3. Жасалған орны мен уақыты _____

Место и время постройки _____

4. Б а с т ы м ө л ш е р л е р :

Г л а в н ы е р а з м е р е н и я :

Ұзындығы _____

Д л и н а _____

Ені _____

Ш и р и н а _____

Бортының биіктігі _____

В ы с о т а

б о р т а

5. Сыйымдылығы _____

В м е с т и м о с т ь :

Жалпы _____

Таза _____

Валовая _____

Чистая _____

Жасалынып жатқан кеме туралы мәліметтер

Сведения о строящемся судне

1. Жасалу орны _____

М е с т о

с т р о и т е л ь с т в а

2. Кеме жасайтын ұйымның атауы _____

Наименование

судостроительной

организации

3. Жасалу нөмірі _____

П о с т р о е ч н ы й

н о м е р

4. Тіркеу орны _____

М е с т о

р е г и с т р а ц и и

5. Кеменің үлгісі _____

Т и п

с у д н а

6. Кильдің ұзындығы және кеме туралы басқа да негізгі техникалық
д е р е к т е р

Длина килы и другие основные технические данные о судне

Облыс бойынша Көліктік бақылау басқармасының бастығы _____

Начальник

Управления

транспортного

контроля по области _____

(аты-жөні) (Ф.И.О.)

Қ о л ы

Подпись _____

М ө р і

П е ч а т ь

Сериясы хх N xxxxxxxx

Серия

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 28 қазандағы

N 1082 қаулысына

5-қосымша

Приложение 5

к постановлению Правительства

Республики Казахстан

от 28 октября 2005 года N 1082

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 17 қаңтардағы
N 49 қаулысымен бекітілген
Кемелер мен оларға құқықтарды
мемлекеттік тіркеу ережесіне
10-2-қосымша

Приложение 10-2
к Правилам государственной
регистрации судов и прав на них,
утвержденным постановлением
Правительства Республики Казахстан
от 17 января 2003 года N 49

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

**ШАҒЫН ӨЛШЕМДІ КЕМЕНІҢ
ИПОТЕКАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК
С В И Д Е Т Е Л Ь С Т В О
О ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ИПОТЕКИ МАЛОМЕРНОГО
СУДНА**

2___ жылғы "___"_____ N _____
от "___"_____2___года N _____
Кеме кітабына 2___ жылғы "___"_____ N _____ енгізілген
деректер негізінде осымен шағын өлшемді кеменің ипотекасын
мемлекеттік тіркеу куәландырылады
На основании данных, внесенных в судовую книгу под N___ от
"___" _____ 2___ г., настоящим удостоверяется
государственная регистрация ипотеки маломерного судна

(шағын өлшемді кеменің атауы) (наименование маломерного судна)

Шағын өлшемді кеменің ипотекасы затының сипаттамасы
Описание предмета ипотеки маломерного судна

(шағын өлшемді кеменің ипотекасы шартының деректемелері)
(реквизиты договора ипотеки маломерного судна)

Кепіл беруші _____
Залогодатель (басқару органының атауы, орналасқан жері,
(наименование, место нахождения, адрес органа

мекен-жайы (заңды тұлғалар үшін); тегі, аты, әкесінің аты,
управления (для юридических лиц); фамилия, имя, отчество,

азаматтығы, толық мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін),

гражданство, полный адрес (для физических лиц), а также

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
телефон, факс, телекс, электронная почта)

Кепіл ұстаушы

Залогодержатель (басқару органының атауы, орналасқан жері,
(наименование, место нахождения, адрес органа

мекен-жайы (заңды тұлғалар үшін); тегі, аты, әкесінің аты,
управления (для юридических лиц); фамилия, имя, отчество,

азаматтығы, толық мекен-жайы (жеке тұлғалар үшін),
гражданство, полный адрес (для физических лиц), а также

сондай-ақ телефон, факс, телекс, электрондық почта)
телефон, факс, телекс, электронная почта)

Шағын өлшемді кемеңің ипотекасымен қамтамасыз етілген
міндеттемеңің ең көп мөлшері

Максимальный размер обязательства обеспеченный ипотекой
маломерного судна

Шағын өлшемді кеме ипотекасының аяқталу күні

Дата окончания ипотеки маломерного судна

Ерекше белгілер

О с о б ы е о т м е т к и

Шағын өлшемді кеме туралы мәліметтер

Сведения о маломерном судне

1. Шағын өлшемді кемеңің үлгісі және мақсаты

Тип и назначение маломерного судна

2. Тіркеу орны

М е с т о р е г и с т р а ц и и

3. Жасалған орны мен уақыты

Место и время постройки
4. Басты мөлшерлер:
Главные
размерения:

Ұзындығы

Д л и н а

Ені

Ширина

Облыс бойынша Көліктік бақылау басқармасының бастығы

Начальник Управления транспортного контроля по области

(аты-жөні) (Ф.И.О.)

Қ о л ы

Подпись

М ө р і

П е ч а т ь

Сериясы хх N xxxxxxxx

С е р и я

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 28 қазандағы

N 1082 қаулысына

6-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 17 қаңтардағы

N 49 қаулысымен бекітілген

Кемелер мен оларға құқықтарды

мемлекеттік тіркеу ережесіне

11-1-қосымша

Приложение 6

к постановлению Правительства

Республики Казахстан

от 28 октября 2005 года N 1082

Приложение 11-1

к Правилам государственной

регистрации судов и прав на них,

утвержденным постановлением

Правительства Республики Казахстан

от 17 января 2003 года N 49

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

КЕМЕНІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КЕМЕ
ТІЗІЛІМІНЕН НЕМЕСЕ ЖАСАЛЫНЫП ЖАТҚАН КЕМЕЛЕР ТІЗІЛІМІНЕН

Ш ы ф а р у т у р а л ы

КУӘЛІК

С В И Д Е Т Е Л Ь С Т В О

ОБ ИСКЛЮЧЕНИИ СУДНА ИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУДОВОГО

Р Е Е С Т Р А

ИЛИ РЕЕСТРА СТРОЯЩИХСЯ СУДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

О с ы м е н , к е м е н і ң
Настоящим подтверждается, что судно

1. Атауы _____

Н а з в а н и е

2. Мемлекеттік тіркеу орны _____

Место государственной регистрации

3. Тіркеу нөмірі _____

Регистрационный номер

4. Мемлекеттік тіркелген күні _____

Дата государственной регистрации

5. Кеменің үлгісі _____

Т и п с у д н а

6. Жасалған орны мен уақыты _____

Место и время постройки

7. Ұзындығы _____

Д л и н а

8. Ені _____

Ш и р и н а

9. Биіктігі _____

В ы с о т а

10. Меншік иесі және оның мекен-жайы _____

Собственник и его адрес

_____ барлық тіркелген құқықтары мен ауыртпалықтары тоқтатыла отырып, мемлекеттік кеме тізілімінен немесе Жасалынып жатқан кемелер тізілімінен (керегінің астын сызу) шығарылғандығы р а с т а л а д ы .

_____ исключено из Государственного судового реестра или Реестра строящихся судов (нужное подчеркнуть) с прекращением всех зарегистрированных прав и обременении.

Облыс бойынша Көліктік бақылау басқармасының бастығы _____

Начальник Управления транспортного контроля по области

_____ (аты-жөні) (Ф.И.О.)

Қолы _____

Подпись

М ө р і

Печать

Күні

Дата

Сериясы хх N xxxxxxxx

Серия

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК